



Маемиров Асхат Максимұлы

Профессор

Phd докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

«Болашақ» халықаралық стипендиясының түлегі

Академиялық және практикалық тәжірибе:

- Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнері» факультетінің деканы (2012-2014жж.)
- «Қазақстан халқы рухани даму қоры» АҚ вице-президенті
- «Қазақ әуендері» акционерлік қоғамының Президенті (2014-2017 жж.)
- «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының директоры (2017-2018 жж.)
- М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық театрының директоры
- Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры (2018-2019 жж.)
- Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының директоры (2019-2020 жж.)
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермен театрының» директоры

Оқыту пәндері:

- Актер шеберлігінің технологиясы I / II

Режиссерлік қойылымдар:

- М.Әуезов атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрында сахналанған қойылымдары: А.Чехов «Сүйікті менің ағатайым», А.Володин «Қоштасқым келмейді», М.Омарова «Ақтастағы Ахико», Б.Беделхан «Ұлым, саған айтам»
- Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында сахналанған қойылымдары: Ғ. Хугаевтың «Қара шекпен» әфсана-драмасы
- «Astana Musical» мемлекеттік театрында: Ж.Пресгурвик «Ромео мен Джульетта», А.Оренбургскийдің «Астана – менің махаббатым» және «Қызжібек» этно-фольклорлық мюзиклдері
- «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында: М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсын, Е.Брусиловский, Ғ.Мүсіреповтің «Қызжібек» операсын
- Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрында: Ж.Аймауытов «Сылаң қыз», М.Байджиев «Дуэль», С.Балғабаяев «Ғашықсыз ғасыр», Э.Олби «Зоопарктегі оқиға», Т.Ахметжан «Қараторғай», А.Кравцов «Күн астындағы Күнекей қыз» қойылымдары сахналанған
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында: М.Әуезовтің «Абай-Тоғжан», Н.Мошинаның «Дүние-Ғапыл», М.Омарованың «Шәмші», «Шанель №5» қойылымдарын сахналады.
- Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына С.Мұхамеджановтың «Айсұлу» операсының либреттосын жаңартып жазып шықты.

- Шымкент қалалық опера және балет театрында арнайы сахналаған «Домалақ Ана» операсы либреттосының авторы.

Лауреаттар:

- 1999 жылы Астанада өткен шығармашыл жастардың II-ші халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты.
- 2015 жылы Елбасының жарлығымен "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" құрметті атағымен марапатталды.
- 2015 жылы "Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл" мерекелік медалімен марапатталды.
- 2016 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен Өнертану мамандығы бойынша Философия ғылымдарының PhD докторы құрметті ғылыми дәрежесі берілді.
- Қазақстан сахна өнерінің тарихында тұңғыш рет 2009 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен М.Чехов атындағы I-халықаралық театр фестиваліне қатысып, Э.Олби «Зоопарк» психологиялық драмасымен «Ең үздік спектакль» жүлдесіне ие болды. Аталмыш қойылым арқылы шет елде қазақ театр өнерін насихаттап, дәріптегені үшін ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы Қоры сыйлығының лауреаты болды. Орталық Азия мемлекеттерінің III-халықаралық театр фестивалінің (2010 ж.) лауреаты атанды.
- 2019 жылы Махачкала қаласында өткен Каспий жағалауы елдерінің халықаралық театр фестивалінде А.Чеховтың «Сүйікті менің ағатайым» драмасымен Гран-При жүлдесіне ие болды.
- 2021 жылы «Халық алғысы» медалінің иегері

Жетістіктері:

- 1998 жылы Астана қаласында өткен Оралхан Бөкей атындағы I-ші Республикалық көркемсөз шеберлері байқауының жеңімпазы.
- 1999 жылы Қалибек Қуанышбаев атындағы арнайы сыйлығының иегері.
- 2015 жылы Қазақстан Халық Ассамблеясы 20 жыл медалінің иегері
- 2016 жылы Еуразия ұлттық университетіне 20 жыл медалімен марапатталған.
- 2016 ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл медалінің иегері
- 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде «Жаһандағы Қазақстан мәдениеті» жобасы аясында «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклімен Париж, Канн, Вена, Брюссель, Мәскеу қалаларында өнер көрсетті.
- 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Токио қаласында «Ақтастағы Ахико» қойылымын жапондық көрерменнің назарына ұсынды. 2018 жылы «Қыз Жібек» мюзиклімен Франциядағы Авиньон халықаралық театр фестиваліне қатысты.
- 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Teatr All - 2021» халықаралық фестивалінің «Үздік режиссер» номинациясының иегері

Байланыс деректері:

Ұялы телефоны: 8 (701) 346-61-93

E-mail: askhatmaemirov@mail.ru